

Ашық сабақ


Пәні: *Қазақ
әдебиеті*

8 – «Б» сынып

Сабақтың тақырыбы:
*«Қазақтарды шетелдік қонақтарға
таныстыру»*

Мұғалімі:

Исмаилова Гулхая



Сабақтың тақырыбы:

Қадыр Мырзалиев

*«Қазақтарды шетелдік қонақтарға
таныстыру»*




Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Қадыр Мырзалиевтың “Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру” өлеңін оқушылар санасына сіңіру, салт дәстүрімен мәдениетін үйрету.

Дамытушылық: Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, ойлау, сөйлеу, есте сақтау қабілеттерін, тіл байлығын арттыру.

Тәрбиелік: Отанын, елін сүйуге, тілін, мәдениетін, құрметтеуге, ұжымдасып еңбектеуге, әдептілікке тәрбиелеу.



I. Ұйымдастыру кезеңі

I. Сәлемдесу, түгелдеу, сабаққа дайындығын тексеру, сынып тазалығына назар аудару.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

Қадыр Мырзалиевтың өмірбаянын оқып әңгімелеу, оның жазған өлеңдерінен жат алу.




ЖАҢА САБАҚ .

**“Қазақтарды шетелдік
қонақтарға таныстыру”.**



Жайлауында жүрген
жігіт бағып қой
Дос келді деп,
Жасап жатыр анық той.
Тұңғыш рет көріп тұрсың
сен оны,
Нағыз қазақ осы міне,
Танып қой!



Сәйгүлікті кұйрық-жалы таралған
Сүйетұғын қазақ осы,
Қараңдар!



Қазак осы:

Күй шығарып,
Ән салып,



Көкпар тартып,
Қыз қууға жаралған.



Қазақ осы:

Айтатұғын желге сыр.
О ағайын,
Халық емес ол кесір.




Қазақ осы:

*Аңғал-саңғал.
Жабусыз,*

Қазақ осы:

*Ағыл-тегіл,
Көп-көсіп*



Қазақ осы:

*Дала дейтін,
Күн дейтін.*



Қазақ осы:

«Өнер алды-тіл» дейтін.

Қазақ осы:

Қарасың ба,
Ақсың ба,
Қоңырсың ба,
Жатырқауды білмейтін.



Қазақ осы:

Ашық жарқын қабағы.
Қонақ келсе,
Шабылып бір қалады.
Байқа да тұр
Саған да ол кетерде
Ат мінгізіп,
Жібек шабан жабады.





Қазақ осы:

Көргенінен танбайтын.

Той-думансыз оты түзу жанбайтын.



Қазақ осы:


*Алудай-ақ алатын,
Ал беруден
Алдына жан салмайтын.*

Қазақ осы:

*Құда бол деп қинайтын,
Құдаларын құдайындай сыйлайтын.*



Спортшылар Елбасының қабылдауында



Қазақ осы:

Дүние мен малыңды

Оңды-солды шашу үшін жинайтын.

Қазақ осы:

Жайып жатқан қанатын.

Батыр халық,

Ақын халық дәл аты .



Қазақ осы:

Өзімсінген адамға
Насыбайға бола өкпелеп қалатын.

Жайлауында жүрген жігіт бағып қой
Дос келді деп,

Жасап жатыр анық той.
Тұңғыш рет көріп тұрсың сен оны,

Нағыз қазақ осы міне
Танып қой!



ОЙ ҚОЗҒАУ.

Сен білесің бе?

1 Жігіт

2 Дос

3 Сәйгүлік

4 Қонақ

5 Құда

6 Батыр


Сұрақ.

- 1. Бұл өлеңде қазақ халқының қандай ұлттық ойынын кездестіріп отырсыңдар .*
- 2. Өлеңнен тілге байланысты қанатты сөзді табыңыздар.*
- 3. Азыл-тегіл, көл-көсір дегенде нені түсінесіңдер?*
- 4. Қазақ осы: Қарасың ба?, Ақсың ба ?, Қоңырсың ба? Жатырқауды білмейтін, - дегенде нені түсінесіңдер?*

*Салт дәстүрге байланысты
мақалдардың жалғасын
тауып айтыңыз.*

- 1. Туған жердей жер болмас ...*
- 2. Отан үшін отқа...*
- 3. Отан оттан...*
- 4. Жігіттің екі сөйлегені...*
- 5. Ел боламын десең ...*
- 6. Кісі елінде сұлтан болғанша...*

ТОПТАУ.



Берілген сөздердің сыңарын тап.

Жатырқауды

Нағыз

Күй

Көкпар

Ақын

Ән

Көргенінен

тартып

білмейтін

қазақ

салып

танбайтын

халық

шығарып

*Мына сөздердің төрт тілдегі
аудармасын тап.*

Дос

Тұңғыш

Нағыз

Күй

Халық

Дала

Өнер

Қара

Ақ

Қоңыр

Қонақ

Ат

Батыр

Ақын

Жайлау

Үйге тапсырма.

- 1.Қадыр Мырзалиевтың «Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру»өлеңін мәнерлеп, оқып келу.*
- 2.Өлең ішінен өздеріңізге ұнаған 2 шұмағын жаттап келіңіздер.*